Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №1

Абайдың қарасөздеріндегі білім-ғылым
мәселелерінің бүгінгі ғылымға қойылар
талап пен үндестігі мен ерекшелігі.

Абай Құнанбайұлы - қазақ елінің біліміне көп пайдасы мен үлесі тиген ұлы ақын, жазушы. Өзі бала кезінен білім, ғылымға қызығатын Абай, оның ерекшелігін, адамға берер пайдасын, бәрінен артық түсінетін. Ең алғашқы сауатын ол әжесі Зереден алған болатын. Әжесі Зере әрдайым оған көптеген білетін ертегілерін айтып, Абайдың білімге деген құштарлығын оятқан алғашқы, құдіретті жан. Ақын білімді алдыңғы шыққан мәселе ретінде көретін. "Тек білім ғана, адамды биік шыңға жетелейді" - деген, ұстанымды, ұстанатын. Әрдайым білімді, сауаттылықты бірінші орынға қою, ол үшін қиын болмайтын, себебі ғылымға апарар жетістік, тұлғаның білімі мен талпынысында негізделеді.

Әр адам тек өзі үшін ғана оқу қажет дегенді, Абайдың өзі талап ретінде қоятын. Ол оқуын бітіре салысымен, әрі қарай білімін жалғастырды. Өлең, қарасөз, поэма жаза бастады. Атақты орыс жазушыларының өлеңдерін, поэмаларын қазақ тіліне аударды. Балалардың сауатын ашты. Ол тек біліммен тоқталмай, әкесінің жанында халқының жағдайын шешімен жан-жақты түйға. Жастайынан білімге құштар болған Абай, жасы келе бергеннен қарасөз жазуға бел буады. Ұлы ақын, жазушының қырық бес қазынадай қара сөзі бар. Ең бірінші қара сөзін "Мен өзім еңбек етем деп ойладым, халқыма көмек беремін деп, қара жұмыс жасайын, мал шаруашылығымен айналысайын деп те ойладым, бірақ жасым оған тең емес, өзім ақ қағаз бен қалам алып, бар берер ақылымды, білетінімді ақ параққа толтыратын, жүрегін бір жанға

керек болып қалар" - деп бастайды. Осы бастаудан ол бар білген сана-сезімін, ақылын ақ қағазға толтырады. Абайдың қара сөздері өте биік, құрметті еңбектерінің бірі. Ол әр қарасөзімен адамның жан-дүниесіне қаншалықты білім керек екенін айқындайды. Ақын өзінің қара сөздерінде тәрбие, нафс, парыз, мықты мінез және де ең бастысы білімге, ғылымға деген талпыныс сияқты тақырыптарды жазатын. Ол өзінің Он жетінші сөзінде былай айтқан: "Күш, ақыл, жүрек өзара келіспей, мен адамға көбірек қажетпін деп таласады. Сөзге келмеген ғылымнан көмек сұрап, өздерінің адамға деген пайдасын айтады. Барлығын тыңдап, зерделеп болған ғылым былай дейді:

- Сендердің бәрің адамға керексіңдер, күш сен адамға еңбегін жасауға көмектесесің, бірақ ол еңбек дұрыс ниетпен жасалмаса сен қарсы шыға алмайсың, ақыл сенде тек қана жақсы ой салмайсың, ал бәрінді бір жақсы ниетке салатын - жүрек сенсің. Ненің жаман, ненің жақсы екенін сен ажырата аласың - дейді екен". Ал Отыз екінші қара сөзінде білімге деген талпыныс, өз арман-мақсаттарына жету, көрсеқызар болмау, мықты мінез ұстану деген сияқты маңыз мәселерді қозғаған. Яғни Абай бұл қарасөздерді жастардың білімін арттырып, үлкен тәрбие беру үшін жазған.

Қазіргі уақытта ғылым мәселесі айтарлықтай өте көп. Абай кішкентай кезінен ғылымға қызықса, қазіргі жастарды білімге құштарлықтарын ояту өте қиын. Абай білім алудың басты негіз, болашаққа қадам деп көрсе, қазіргі жастар үшін білім қалыпты нәрсе. Мәселен Абай өзінің өлеңдерінде де, қарасөздерінде де білімнің адам үшін қаншалықты маңызды екенін айтатын. Оған дәлел ретінде, Отыз екінші қара сөзінде былай айтқан "Әр тұлғада қиындықтарға төтеп

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 3

беріп, армандарына жету үшін, білім нәрін нығайту үшін - мықты мінез керек." - міне, осыдан-ақ ақынның жастарға деген үлкен ықыласы үмітін көре аламыз. Бірақ қазіргі уақытта Абайдай мықты мінезі бар адамды көру, өте қиын.

Қорытындылай келе, Абайдың қара сөздері қазіргі уақыттағы жастардың міндеті. Абай өзінің қара сөздерімен жастарға үлкен талап пен үндестігін қалдырып кетті. "Ғылым - білім бұлағы, білім - өмір шырағы" - деп бекер айтпаған халқымыз. Жастардың білімінің артуы, мемлекеттің дамып, биік белестерге жетуі. Абайдың үндеуі - бізге ақыл, тәрбие беру. Оның бүгінгі ғылымға қояр талабы - тең даму, оқу, сауатты болу. Қара сөздерде айтылған барлық адами құндылықтар - ұлттық мінез көрінісі. Әр адам біріншi өзімен бастауы қажет. Абайдың бізге қойған үміті өте көп. Ал оны ақтап, тек алға ұмтылу жастардың қолында. Әр бастаған іс - [illegible]. Еңбек пен ғылымға көздеу, адам үшін ешқашан кедергі емес. Бар қалаған жетістіктеріңе жету үшін, оқып, даму қажет. Абайдың қалдырып кеткен талаптарыда осыған негізделген.